

## Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру және пайдалану туралы 2002 жылғы есепті бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 1072 жарлығы

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының кейбір мәселелері туралы" 2001 жылғы 29 қаңтардағы N 543 Жарлығына сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру және пайдалану туралы 2002 жылғы есеп бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі 2003 жылғы 7 мамырға дейін Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру және пайдалану туралы 2002 жылғы есеп және сыртқы аудитті жүргізу нәтижелері туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*